

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 18 қаңтардағы № 12 қаулысы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы қоса берілген өзгерістер мен толықтырулардың 5-тармағының 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін елуінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 18 қаңтардағы
№ 12 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.07.2023 № 559 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.07.2023 № 559 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.07.2023 № 559 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2016 ж., № 65, 428-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарда:

бүкіл мәтін бойынша "локальдық желі", "локальдық желінің", "оқшау желі", "оқшау желісінің" деген сөздер тиісінше "жергілікті желі", "жергілікті желінің", "жергілікті желісінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. БТ ережелері:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен оның құрылымына кіретін ұйымдар интернет-ресурстарды, "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерімен интеграцияланбайтын ақпараттық жүйелерді, жергілікті желілерді және телекоммуникациялар желілерін құру немесе дамыту, пайдалану бойынша жұмыстарды жүзеге асырған кезде, сондай-ақ ақпараттандыру саласындағы тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізген кезде туындайтын қатынастарға;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларға жатқызылған қорғалып орындалған ақпараттық жүйелерге, сондай-ақ арнайы мақсаттағы телекоммуникациялар және/немесе президенттік, үкіметтік, құпияландырылған, шифрланған және кодталған байланыс желілеріне;

3) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерімен интеграцияланбайтын ақпараттық жүйелерімен интеграцияланатын ақпараттық жүйелерді құру немесе дамыту жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырған кезде туындайтын қатынастарға;

4) осындай ережелерді орындау "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" ҚР Заңының 50-бабының 4-тармағын бұзуға әкеп соғатын жағдайларда ұйымдарда қолданылмайды.";

5-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің компоненттерін біріздендіру жөніндегі талаптарды белгілеу;"

6-тармақта:

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) сыртқы шеңбердің жергілікті желісі (бұдан әрі – сыртқы шеңбердің ЖЖ) – уәкілетті орган айқындаған ақпараттандыру субъектілерінің жергілікті желісі, ол ақпараттандыру субъектілерінің телекоммуникациялық желісінің сыртқы шеңберіне жатқызылған, байланыс операторлары ақпараттандыру субъектілері үшін қолжетімділікті Интернетке қолжетімділіктің бірыңғай шлюзі арқылы ғана ұсынатын Интернетке қосылған;"

23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"23) ішкі шеңбердің жергілікті желісі (бұдан әрі – ішкі шеңбердің ЖЖ) – уәкілетті орган айқындаған ақпараттандыру субъектілерінің жергілікті желісі, ол ақпараттандыру субъектілерінің телекоммуникациялық желісінің ішкі шеңберіне жатқызылған, мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасына қосылған;"

мынадай мазмұндағы 26) және 27) тармақшалармен толықтырылсын:

"26) желіаралық экран – ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымда жұмыс істейтін, берілген қағидаларға сәйкес желілік трафикті бақылау мен сүзуді жүзеге асыратын ақпараттық-бағдарламалық немесе бағдарламалық кешен;

27) уәкілетті орган айқындаған ақпараттандыру субъектілері – жергілікті (Интернетке қолжетімділігі бар жергілікті желілерді қоспағанда), ведомстволық және корпоративтік желілердің өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасын пайдаланатын мемлекеттік органдар, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ өзге де ақпараттандыру субъектілері.";

7-тармақ мынадай мазмұндағы 18) тармақшамен толықтырылсын:

"18) АС – уәкілетті орган айқындайтын ақпараттандыру субъектілері.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. МО ақпараттандыру Заңның 23 және 24-баптарында көзделген тәртіппен әзірленетін және бекітілетін МО архитектурасына, ал ол болмаған жағдайда – ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен (бұдан әрі – уәкілетті орган) келісілген автоматтандыру қажеттігі туралы мемлекеттік органның шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдар әлеуетті өнім берушілерді тарту, "электрондық үкімет" ақпараттандыру объектісінің техникалық-экономикалық, пайдалану және өзге де сипаттамаларын нақтылау мақсатында жоспарланатын қызметті автоматтандыруды жария талқылауды қамтамасыз етеді.

Жоспарланатын қызметті автоматтандыруды жария талқылау "электрондық үкіметтің" архитектуралық порталында (бұдан әрі – архитектуралық портал) жүзеге асырылады.

Жоспарланатын автоматтандыруды жария талқылауға арналған мерзім олар архитектуралық порталда орналастырылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кем болмауы тиіс.

Мемлекеттік органдар жоспарланатын автоматтандыруды жария талқылау шеңберінде келіп түскен ұсыныстарды қарайды және ұсыныстарды қабылдау туралы не қабылдамау туралы негіздерді көрсетіп, оларды қабылдамау туралы шешім қабылдайды.

Жоспарланатын автоматтандыруды жария талқылау мерзімі аяқталған соң келіп түскен ұсыныстарды қарау нәтижелеріне сәйкес архитектуралық порталда жоспарланатын автоматтандыруды жария талқылаудың аяқталуы туралы есеп (бұдан әрі – есеп) қалыптастырылады және жарияланады.

Есеп "электрондық үкімет" ақпараттандыру объектісінің техникалық-экономикалық, пайдалану және өзге де сипаттамаларын нақтылау, мемлекеттік органның қызметін автоматтандыруды іске асыру тетігін таңдау үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік орган есепті қоса бере отырып, қызметті автоматтандыру қажеттігі туралы сұрау салуды (бұдан әрі – сұрау салу) уәкілетті органға келісуге жібереді.

Уәкілетті орган мемлекеттік органның сұрау салуына талдау жүргізу үшін "электрондық үкіметтің" сервистік интеграторын (бұдан әрі – сервистік интегратор) тартады.

Сервистік интегратор қорытындысының негізінде уәкілетті орган мемлекеттік органның қызметін автоматтандыруды келіседі не келісуден бас тартады.";

13-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ұсынған ақпараттандыру саласындағы тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға арналған шығыстардың есеп-қисабына ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның қорытындысы болған кезде сатып алу;"

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. МО-ның және ЖАО-ның біріздендірілген жұмыс орнына немесе терминалды жүйесіне, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің компоненттеріне қойылатын талаптарды уәкілетті орган бекітеді.";

мынадай мазмұндағы 17-1-тармақпен толықтырылсын:

"17-1. МО-ның және ЖАО-ның жұмыс орнының немесе терминалды жүйесінің уәкілетті орган бекіткен МО-ның және ЖАО-ның үйлестірілген жұмыс орнына немесе терминалды жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкес болуы қамтамасыз етіледі.

Талаптар қажеттілігіне қарай жаңартылады және өзектілендіріледі.";

20-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тұрақты негізде конфигурацияларын, сондай-ақ бірегей сәйкестендіруші деректері бар электрондық ақпарат тасығыштарды тексере отырып, жұмыс станцияларын есепке алу жүргізіледі;"

29 және 30-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"29. МО-да, ЖАО-да немесе ұйымда АҚ ұйымдастыру, қамтамасыз ету және басқару кезінде "Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ақпаратты қорғауды басқару құралдары бойынша ережелер жинағы" Қазақстан Республикасының ҚР СТ ISO/IEC 27005-2015 стандартының ережелерін басшылыққа алу қажет.

30. АҚ қамтамасыз ету саласындағы жауапкершіліктің және функциялардың аражігін ажырату мақсатында ақпараттандыру объектілерін құру, сүйемелдеу және дамыту мәселелерімен айналысатын басқа құрылымдық бөлімшелерден оқшау құрылымдық бөлімше болып табылатын АҚ бөлімшесі құрылады немесе АҚ-ны қамтамасыз етуге жауапты лауазымды адам белгіленеді.

АҚ қамтамасыз етуге жауапты қызметкерлер АҚ қамтамасыз ету саласында сертификат берілетін мамандандырылған курстардан кемінде үш жылда бір рет өтеді.";

мынадай мазмұндағы 32-1-тармақпен толықтырылсын:

"32-1. АҚ саясатының талаптарын нақтылайтын қаржы ұйымының ішкі құжаттарының тізбесі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қаржы ұйымдарының ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес айқындалады.";

37-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) ҚР СТ ISO/IEC 27005-2013 "Ақпараттық технологиялар. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері. Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі менеджменті" Қазақстан Республикасы стандартының талаптарына сәйкес сәйкестендірілген тәуекелдерді бағалауды (қайта бағалауды) қамтитын АҚ қатерлері (тәуекелдері) каталогын қалыптастыру;"

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Заңның 7-бабының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган бекіткен ақпараттандыру объектілерінің сыныптауышына (бұдан әрі – сыныптауыш) сәйкес бірінші және екінші сыныптағы ақпараттандыру объектілерін, сондай-ақ құпия АЖ құруға және дамытуға бастама жасалған кезде ҚР СТ ISO/IEC 15408-2017 "Ақпараттық технологиялар. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ақпараттық технологиялардың қауіпсіздігін бағалау өлшемшарттары" Қазақстан Республикасы стандартының талаптарына сәйкес құрамдас компоненттерге арналған қорғау профильдері мен қауіпсіздік жөніндегі тапсырма әзірленеді.";

мынадай мазмұндағы 50-1-тармақпен толықтырылсын:

"50-1. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияланатын мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің меншік иелері немесе иеленушісі мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияланғанға дейін ақпараттық қауіпсіздіктің меншікті жедел орталығын құрады және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді немесе Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес үшінші тұлғалардың ақпараттық қауіпсіздігінің жедел орталығының көрсетілетін қызметтерін сатып алады, сондай-ақ оның Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығымен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік органдарды, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, мемлекеттік заңды тұлғаларды, квазимемлекеттік сектор субъектілерін қоспағанда, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің меншік иелері немесе иеленушілері ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің тізбесіне енгізілген күннен бастап бір жыл ішінде ақпараттық қауіпсіздіктің меншікті жедел орталығын құрады және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді немесе Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығының көрсетілетін қызметтерін үшінші тұлғалардан сатып алады, сондай-ақ оның Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығымен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.";

54 және 54-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"54. Ақпараттандыру объектілерін тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалану кезеңінде:

зиянды кодты анықтау мен алдын алу;

АҚ инциденттері мен оқиғаларын мониторингтеу және басқару;

басып кіруді анықтау және алдын алу;

ақпараттық инфрақұрылымды мониторингтеу және басқару құралдары мен жүйелері пайдаланылады.

54-1. Ақпараттандыру объектілерін қорғау үшін деректердің тарап кетуінің алдын алу жүйелерін (DLP), оның ішінде "Ақпараттық технологиялар. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ақпараттық технологиялардың қауіпсіздігін бағалау өлшемшарттары" ҚР СТ ISO/IEC 15408-2-2017 стандартына сәйкес СДБ 4-тен төмен емес бағалық сенім деңгейіне сәйкес келетін, оның ішінде отандық әзірлемелерді қолдануға жол беріледі.

Бұл ретте:

іс-әрекеттерге жүргізілетін бақылау туралы пайдаланушыға визуалды хабарлау;

пайдаланушының іс-әрекеттеріне бақылауды жүзеге асыру үшін оның жазбаша келісімін алу;

басқару орталығын және деректердің таралуын болдырмау жүйесін жергілікті желі шегінде орналастыру қамтамасыз етіледі.";

мынадай мазмұндағы 56-1-тармақпен толықтырылсын:

"56-1. Заңмен қорғалатын құпияны қамтитын деректерді өңдейтін ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің иесі ақпараттық қауіпсіздікке жылына кемінде бір рет аудит жүргізеді. Екінші деңгейдегі банктердің ақпараттық қауіпсіздігінің аудиті Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.";

мынадай мазмұндағы 62-1 және 62-2-тармақтармен толықтырылсын:

"62-1. .KZ және (немесе) .ҚАЗ домендік атымен тіркелген интернет-ресурс Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылады.

62-2. Интернет-ресурстармен деректерді беру кезінде Интернеттің қазақстандық сегментінің кеңістігінде .KZ және (немесе) .ҚАЗ домендік аттарын пайдалану қауіпсіздік сертификаттарын қолдану арқылы жүзеге асырылады.";

85-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"85. МО немесе ЖАО АЖ тәжірибелік пайдалану мыналарды қамтиды:

тәжірибелік пайдалануды жүргізу рәсімдерін құжаттау;

анықталған ақаулар мен кемшіліктерді кейіннен түзете отырып, оларды оңтайландыру және жою;

АЖ тәжірибелік пайдалануды аяқтау актісін ресімдеу;

тәжірибелік пайдалануды жүргізу мерзімі бір жылдан аспауға тиіс.";

мынадай мазмұндағы 85-1-тармақпен толықтырылсын:

"85-1. "Электрондық үкімет" ақпараттандыру объектісін ендіру Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын стандарттарға сәйкес іске асырылады.";

мынадай мазмұндағы 92-3-тармақпен толықтырылсын:

"92-3. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің меншік иелері мен иеленушілері ақпараттық қауіпсіздіктің жеке жедел орталығын құрады және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді немесе Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес үшінші тұлғалардың ақпараттық қауіпсіздігінің жедел орталығының қызметтерін сатып алады, сондай-ақ оның Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығымен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.";

128-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"128. АҚ-ны қамтамасыз ету мақсатында:

1) жергілікті желілерді біріктіретін бөлінген байланыс арнасын ұйымдастырған кезде ақпаратты АҚҚҚ-ны пайдалана отырып, ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-техникалық, оның ішінде криптографиялық шифрлау құралдары пайдаланылады;

2) бөлінген байланыс арнасы жергілікті желіге жазылған маршруттау қағидалары мен қауіпсіздік саясаттары бар шектес шлюз арқылы қосылады. Шектес шлюз мынадай ең аз функциялар жинағын қамтамасыз етеді:

желі тораптарын орталықтан авторландыру;

әкімшілердің артықшылық деңгейлерін конфигурациялау;

әкімшілердің іс-қимылын хаттамалау;

желілік мекенжайларды статикалық трансляциялау;

желілік шабуылдардан қорғау;

физикалық және логикалық порттардың жай-күйін бақылау;

әрбір интерфейстегі кіріс және шығыс пакеттерді филтрлеу;

АҚҚҚ пайдалана отырып жіберілетін трафикті криптографиялық қорғау;

3) ведомстволық (корпоративтік) телекоммуникациялар желісін және АС-тің жергілікті желілерін өзара қосқан кезде мыналар пайдаланылады:

ақпараттық ағындарды бөлу және оқшаулау құралдары;

АҚ-ны және қауіпсіз басқаруды қамтамасыз ететін компоненттері бар жабдық;

бөлінген және МО БКО периметрін қорғау мақсатында әрбір қосылу нүктесінде орнатылған және қол жеткізу жабдығымен интеграцияланған желіаралық экрандар;

4) ведомстволық (корпоративтік) телекоммуникациялық және жергілікті желілерді ИҚБШ арқылы Интернетке қосқан кезде МО, ЖАО, мемлекеттік заңды тұлғалар, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, сондай-ақ ИКИ аса маңызды объектілерінің иелері АКИ операторының немесе ИҚБШ жабдығында резервтелген байланыс арналары бар басқа байланыс операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланады.

Ведомстволық (корпоративтік) телекоммуникация желісін және жергілікті желілерді ИҚБШ арқылы Интернетке қосу ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган бекіткен Интернетке қолжетімділіктің бірыңғай шлюзінің жұмыс істеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады;

5) МО-ның, ЖАО-ның қызметшілері мен мемлекеттік заңды тұлғалардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, сондай-ақ АКИ өте маңызды объектілері иелерінің жұмыскерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындаған кезде жедел ақпарат алмасуды (қызметтік хат алмасуды) электрондық нысанда жүзеге асыру үшін:

ведомстволық электрондық поштаны, лездік хабарламалар қызметін және өзге де сервистерді;

егер уәкілетті орган өзгеше белгілемесе, басқару орталықтары мен серверлері физикалық тұрғыдан Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан электрондық поштаны, лездік хабарламалар қызметін және өзге де сервистерді пайдаланады;

б) МО-ның және ЖАО-ның ведомстволық электрондық поштасының сыртқы электрондық пошта жүйелерімен өзара іс-қимыл жасауы электрондық поштаның бірыңғай шлюзі арқылы ғана жүзеге асырылады;

7) МО-ның, ЖАО-ның қызметшілері мен мемлекеттік заңды тұлғалардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, сондай-ақ АКИ аса маңызды объектілері иелерінің жұмыскерлері сыртқы шеңбердің ЖЖ-дан ИР-ға қол жеткізуді ЕБҚ болып табылатын және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган бекіткен ИҚБШ жұмыс істеу қағидаларының талаптарына сәйкес келетін веб-шолушыны пайдалана отырып, ИҚБШ арқылы ғана жүзеге асырады.";

129-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"129. АС-ні МО БКО-ға қосу уәкілетті орган айқындайтын МО БКО-ға қосу және интернет-ресурсқа МО БКО арқылы қол жеткізуге рұқсат беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.";

131-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"131. Осы БТ-ның 48-тармағына сәйкес ЭУ АКИ операторы ұйымдастырған АҚКҚ пайдаланылатын МО БКО сымсыз байланыс арналарын қоспағанда, МО БКО-ға, АС-нің жергілікті желісіне, сондай-ақ МО БКО, АС-нің жергілікті желісінің құрамына кіретін техникалық құралдарға сымсыз желілер арқылы қашықтан қол жеткізуді, сымсыз қолжетімділікті ұйымдастыруға арналған құралдарды, модемдерді, радиомодемдерді, ұялы байланыс операторларының желілік модемдерін, ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын және басқа да сымсыз желілік құрылғыларды қосуға жол берілмейді.";

мынадай мазмұндағы 131-1-тармақпен толықтырылсын:

"131-1. МО немесе ЖАО қабылдаған АҚ саясатымен рұқсат етілмеген ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын, ұялы байланыс операторлары желілерінің

модемдерін, сондай-ақ ақпараттың электрондық жеткізгіштерін қосуды бақылауды жүзеге асыру қажет.";

132-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"132. ЭҮ АКИ операторы АС өтінімдері бойынша:

МО БКО-ға қосылған АС жергілікті желілерінің IP-мекенжайларын АС өтінімдері бойынша бөлуді, тіркеуді және қайта тіркеуді;

АС өтінімдері бойынша Интернеттің домендік аймақтарында gov.kz және мем.қаз домендік аттарын тіркеуді;

АС өтінімдері бойынша домендік аттарды МО БКО-да тіркеуді;

МО БКО желісінде DNS сервисін ұсынуды жүзеге асырады.";

133-тармақтың 3) тармақшасындағы "қолдану үшін жібереді." деген сөздер "қолдану үшін;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) VPN-арналарды ұйымдастыруға өндірістік қажеттілік болған жағдайда мемлекеттік техникалық қызметке ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісілген, талап етілетін VPN-арналар бойынша техникалық ақпаратты (дереккөздің және тағайындаудың IP-мекенжайлары, порттар, хаттама) жібереді.";

мынадай мазмұндағы 133-1-тармақпен толықтырылсын:

"133-1. МО немесе ЖАО ЖЖ-ның сыртқы шеңберінде орналасқан ақпараттандыру объектілерінде МО немесе ЖАО ЖЖ-ның сыртқы шеңберінен тыс қашықтан басқару үшін бағдарламалық немесе техникалық құралдарды орнатуға және қолдануға жол берілмейді.";

134-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 134-1 және 134-2-тармақтармен толықтырылсын:

"134-1. Мемлекеттік техникалық қызмет ИҚБШ жабдықтарында IP мен БҚ-ның мына санаттарын бұғаттау саясатын қолданады (әдеттегідей):

- VPN;
- қашықтан кіру;
- р2р;
- ойын ресурстары;
- IP және БҚ санаттарының тізбесіне әдеттегідей кірмейтін белгісіз қосымшалар;
- зиян келтіретін IP және БҚ.

134-2. 134-1-тармақта көрсетілген IP және БЖ жекелеген санаттарын бұғатталудан босату мүмкіндігін мемлекеттік техникалық қызмет МО-дан, ЖАО-дан, мемлекеттік ұйымдардан, квазимемлекеттік сектор субъектілерінен, сондай-ақ АКИ аса маңызды объектілерінің иелерінен түскен ресми сұрау салу негізінде қарайды.";

139-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"139. АҚ-ны қамтамасыз ету үшін:

1) жергілікті желінің кабельдік жүйесінің пайдаланылмайтын порттары белсенді жабдықтан физикалық ажыратылады;

2) мынадай қағидалар қамтылған АҚ ТҚ әзірленеді және бекітіледі:

желілер мен көрсетілетін желі қызметтерін пайдалану;

халықаралық (аумақтық) деректерді беру желілеріне қосылу;

Интернетке және (немесе) телекоммуникация желілеріне, халықаралық (аумақтық) деректерді беру желілеріне шығатын байланыс желілеріне қосылу;

желілік ресурстарға сымсыз қолжетімділікті пайдалану;

3) таратылуы шектелген қызметтік ақпарат, құпия АЖ, құпия ЭАР және қолжетімділігі шектелген дербес деректерді қамтитын ЭАР ақпараты қорғалмаған сымды байланыс арналары мен тиісті АКҚҚ-мен жабдықталмаған радиоарналар арқылы берілмейді.

Таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты беру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және олармен жұмыс істеу қағидаларына сәйкес таратылуы шектелген ақпаратты қорғау жөніндегі арнайы талаптарды сақтай отырып жүргізіледі;

4) мынадай құралдар пайдаланылады:

пайдаланушыларды сәйкестендіру, аутентификациялау мен қолжетімділікті басқару ;

жабдықты сәйкестендіру;

диагностикалық және конфигурациялық порттарды қорғау;

жергілікті желіні физикалық сегменттеу;

жергілікті желіні логикалық сегменттеу;

желілік қосылуды басқару;

желіаралық экрандау;

жергілікті желінің ішкі мекенжайлық кеңістігін жасыру;

деректердің, хабарламалар мен конфигурациялардың тұтастығын бақылау;

осы БТ-ның 48-тармағына сәйкес ақпаратты криптографиялық қорғау;

деректерді беру арналарын және желілік жабдықты физикалық қорғау;

АҚ оқиғаларын тіркеу;

желілік трафикті мониторингтеу мен талдау;

желіні басқару;

5) арнайы мақсаттағы телекоммуникациялар және/немесе үкіметтік, құпияландырылған, шифрланған және кодталған байланыс желілерін қоспағанда, МО-ның, сондай-ақ ЖАО-ның жергілікті желілерінің өзара іс-қимыл жасауы МО БКО арқылы ғана жүзеге асырылады;

6) арнайы мақсаттағы телекоммуникациялар және/немесе үкіметтік, құпияландырылған, шифрланған және кодталған байланыс желілерін қоспағанда,

орталық атқарушы мемлекеттік орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің жергілікті желілерінің өзара іс-қимыл жасауы МО БКО арқылы ғана жүзеге асырылады;

7) шетелде орналасқан Қазақстан Республикасының мекемелері үшін осы БТ 48-тармағына сәйкес АКҚҚ-ны пайдалана отырып ұйымдастырылған байланыс арналарын қоспағанда, АС ішкі шеңберінің ЛЖ және сыртқы шеңберінің ЖЖ өзара түйіндесуіне жол берілмейді;

8) АС-нің ішкі шеңберінің ЖЖ Интернетке қосуға жол берілмейді;

9) АС-нің сыртқы шеңберінің ЖЖ Интернетке қосу ИҚБШ арқылы ғана жүзеге асырылады. Арнаулы және құқық қорғау МО-лардың жедел мақсаттарда қосылуын қоспағанда, Интернетке өзге тәсілмен қосылуға жол берілмейді. ЭҮСШ-ның Интернетпен өзара іс-қимыл жасауы ИҚБШ арқылы жүзеге асырылады;

10) ақпараттық өзара іс-қимылды Интернет арқылы іске асыратын АС АЖ АС-нің сыртқы шеңберінің бөлінген ЖЖ сегментінде орналастырылады және АС-нің ішкі шеңберінің ЖЖ орналастырылған АС-нің АЖ-мен өзара іс-қимыл жасауы ЭҮСШ арқылы жүзеге асырылады;

11) Интернетте орналастырылған АЖ-лардың АС-нің ішкі шеңберінің ЖЖ орналастырылған АС-нің АЖ-мен өзара іс-қимыл жасауы ЭҮСШ арқылы ғана жүзеге асырылады;

12) жоғары деңгейдегі уақыт көзі инфрақұрылымының серверлері үйлестірілген әлемдік UTC (kz) уақытының ұлттық шәкілін білдіретін уақыт пен жиілік эталонымен үндестіріледі.

Дәл уақыт инфрақұрылымының серверлері жоғары деңгейдегі дәл уақыт инфрақұрылымының серверімен үндестіріледі.

Дәл уақыт инфрақұрылымының серверлері клиенттерге уақытты үндестіру үшін қол жеткізуге мүмкіндік береді;

13) пайдаланылмайтын ашық желілік порттар ажыратылады."

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.10.2025 № 846 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
кейбір шешімдеріне енгізілетін
өзгерістер мен толықтыруларға
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.07.2023 № 559 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
кейбір шешімдеріне енгізілетін
өзгерістер мен толықтыруларға
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.07.2023 № 559 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК